

**“АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ” АҚ**  
**ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫ ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ГИГИЕНА КАФЕДРАСЫ**

# **СӨЖ**

**ТАҚЫРЫБЫ: ӨНДІРІСТЕГІ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Орындаған:**  
**Сейтсултанова А.Д**  
**504-ҚДС**

**Қабылдаған: Каюпова Ш.К**

**Астана 2015 жыл**

# **ЖОСПАРЫ:**

## **Кіріспе**

### **Негізгі бөлім**

Өндірістегі еңбекті қорғау мәселелері

Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері

Еңбекті қорғаудың құқықтық мәселелері

Алдын алу шаралары

### **Қосымша бөлім**

Өндірістік объектілер мен өндіріс құралдарын жобалау, салу және пайдалану кезінде қойылаты еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

### **Қорытынды**

### **Пайдаланылған әдебиеттер**



# КІРІСПЕ

Қазақстанның өндірістік потенциалын өсіру, жаңа экономикалық және әлеуметтік жағдайларда, әсіресе республикамыз әлемдік нарыққа өзінің өнімімен Бүкіләлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіретін кезде кәсіпорындардың түрліңдірілуге дайындығынан байланысты. Сонымен өндірістік жүйелерін, соның ішінде өндірістік қауіпсіздік пен еңбек қорғау жүйелерін іске асыратын деңгейіне кепілдік беру қажет.

Статистикалық деректер бойынша төтенше жағдайдың алдын алу және жою жөніндегі Мемлекеттік инспекцияның қадағалауындағы 18 мыңнан астам кәсіпорындарда жыл сайын ауыр жарақат алғандар және мерт болғандардың белгілі саны, жүздеген жазатайым оқиғалар тіркеліп отырады. Әрине мемлекет осындай шығындарды азайтуға ынталанады.



# ӨНДІРІСТЕГІ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- Өндірістік жабдықты пайдаланғанда және жөндеген кезде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеті – жұмысшылар денсаулығының нашарлауы және зақымдануларға әкелетін қауіпті өндірістік факторлардың алдын алу.
- Жұмыс барысында жұмысшылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде ең маңыздысы Еңбек қорғау (ЕҚ) және өміртіршілігі қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ӨҚК) жөнінде нормативтік құқықтық актілер болып табылады.
- Өндірістік қызметтегі адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ҚР заңнамалық және нормативтік актілер жинағы:
  - A. ҚР Конституциясы,
  - B. Әкімшілік құқықбұзушылар туралы кодексі,
  - C. Азаматтық процессуалдық кодекс,
  - D. «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» және т.б. әрекет етеді.



# ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚР еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдары ҚР Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2007 жылдың 22 мамырда қабылданған Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі бойынша "Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы нормативтер" қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың денсаулығы мен өмірін сақтауға бағытталған ұйымдық, техникалық, технологиялық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және өзге де нормаларды, ережелерді, рәсімдер мен өлшемдерді белгілейді.



## ӨНДІРІСТЕРДЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ҮШ САТЫЛЫ БАҚЫЛАУ:

*1 этап.* Жұмыс орындарда бақылау (цехта бақылауды мастер өткізеді).  
Күнделікті бақылау.

*2 этап.* Цех, лаборатория деңгейінде (аптасайын тексеру).

*3 этап.* Кәсіпорын деңгейінде (таңдалған бір цех комиссиямен тексеріледі),

оның мүшелері:

- бас инженер;
- еңбекті қорғау бөлімінің басшысы;
- мед.сан.бөлімінің өкілі
- бас маманы (технолог немесе энергетик).

Жұмысшыларды еңбек қорғауына ұйрету

Еңбекті қорғаудың стандарттық жүйесі – МЕСТ 12.0.004-90 ЕҚСЖ.



еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс – шаралар кешенімен қамтамасыз етілетін қызметкердің қорғалу жай – күйі;

еңбектің қауіпсіз жағдайлары – қызметкерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсері жоқ не олардың әсерінің деңгейі қауіпсіздік нормаларынан аспайтын, жұмыс беруші жасаған еңбек жағдайлары;

## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЗАҢДАРЫ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРДЕН ТҰРАДЫ:

- ✓ өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты алғанда қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- ✓ қызметкердің өмірі мен денсаулығына өндірістік факторлардың зиянды әсерінің қайтымсыз салдарына жол бермеу;
- ✓ қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына құқықтарын қорғауға мемлекеттің кепілдік беруі;
- ✓ нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау арқылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында біріңғай талаптарды белгілеу;
- ✓ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу;
- ✓ уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелер мен қызметкерлер өкілдері арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету;
- ✓ еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы ақпараттың жариялылығы, толымдылығы және дұрыстығы;
- ✓ мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізуге мемлекеттің қатысуы;





## *ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТІ :*

1. бақылаушы (бұйрықтарды орындау)
2. үйрету
3. өкілдердің техникалық шешімдерге эксперттер ретінде қатысу
4. бақытсыз жағдайлар мен кәсіби аурулар туралы есеп беру.



кәсіби ауру – қызметкердің еңбек міндеттерін орындауымен байланысты оған зиянды өндірістік факторлардың әсеретуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауруы;



арнаулы киім – қызметкерді зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқ киім, бас киім, қолғап;



қызметкерді зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғауға арналған құралдар;



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді, білімдерін тексеруді жұмыс беруші өз қаражаты есебінен жүргізеді.

2. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудың, нұсқаулық берудің, білімдерін тексерудің тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.



3. Жұмысқа қабылданған адамдар кейіннен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін міндетті тексеруден өткізе отырып, жұмыс беруші ұйымдастыратын алдын ала оқытудан міндетті түрде өтеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқаулық беруден және білімдерін тексеруден алдын ала өтпеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

4. Өндіріс ұйымдарының басшы қызметкерлері мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ететін жауапты адамдар мезгіл-мезгіл, кемінде үш жылда бір рет тиісті жоғары оқу орындарында немесе мекемелерде біліктілігін арттыру курстарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан және білімдерін тексеруден өтуге міндетті.



## АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:

Заңнамалық

Технологиялық

Техникалық және санитарлық-техникалық

Жеке бас гигиенасын сақтау

Емдеу-алдын алу



**ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР МЕН ӨНДІРІС ҚҰРАЛДАРЫН  
ЖОБАЛАУ, САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ҚОЙЫЛАТЫН  
ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ  
ТАЛАПТАР**

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына жауап бермейтін өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға, салуға және қайта жаңғыртуға, технологияларды әзірлеу мен пайдалануға, машиналарды, тетіктерді, жабдықтарды және басқа да бұйымдарды құрастыру мен жасап шығаруға жол берілмейді.

2. Егер жаңадан салынған немесе қайта жаңғыртылатын өндірістік объектілер, өндіріс құралдары немесе өнімнің басқа да түрлері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келмесе, қабылданбайды және пайдалануға берілмейді.



3. Өндірістік объектілер уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес еңбек жағдайлары бойынша міндетті түрде мезгіл-мезгіл аттестаттаудан өтуге тиіс.

4. Өндірістік мақсатта салынған объектіні пайдалануға қабылдауды қабылдап алу комиссиясы міндетті түрде мемлекеттік еңбек инспекторының қатысуымен жүргізеді.

5. Мыналарға:

1) мемлекеттік сынақтан, тексеруден, метрологиялық аттестаттаудан өткізілмеген, бекітілген үлгіге сәйкес келмейтін өлшеу құралдарын қолдануға;

2) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес келмейтін тауарларды, материалдарды, шикізаттарды қолдануға тыйым салынады.



# ҚОРЫТЫНДЫ

- Қорыта келе, өндірістегі еңбекті қорғау маңызды мәселелердің айқындығы екені көрініп тұр. Қазіргі таңда әсіресе қызметкерлердің денсаулығы алаңдатып отыр. Өйткені соңғы жылдары өндіріс саласында қызмет атқаратын жұмысшыларда кәсіптік аурулар не болмаса кәсіп салдарынан өлім жағдайы артуда.





## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Интернет желісі “adilet.kz” “**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы**”

Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 252 Заңы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 23 тамыздағы N 205-ө бұйрығымен бекітілген “Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды жүргізу, нұсқау беру және олардың білімін тексеру ережесі” I –III тарау

